

**Ақтау, Атырау, Ақтөбе, Жаңаөзен, Құлсары қалаларында  
«Cashback 20%» акциясын өткізу шарттары**

1. **Акция ұйымдастырушысы:** «Technodom Operator» (Технодом Оператор) АҚ (бұдан әрі – Компания).
2. **«Cashback 20%» акциясын өткізу орны** (бұдан әрі мәтін бойынша – Акция): Қазақстан Республикасында Ақтау, Атырау, Ақтөбе, Жаңаөзен, Құлсары қалаларында.
3. **Акция қатысушылары:** Қазақстан Республикасында тұратын және 18 жасқа толған және «Technodom» желісінің дүкендерінде тек жеке, отбасылық, үй жағдайында немесе кәсіпкерлік қызметке қатысы жоқ өзге де пайдалану мақсатында Тауар сатып алатын, сондай-ақ «ТехноБонус» тіркелген бонустық картасын иеленетін жеке тұлғалар (бұдан әрі - Адал сатып алушы немесе Сатып алушы). Заңды тұлғалар мен көтерме Сатып алушылар Акцияға қатыспайды.
4. **Акцияның әрекет ету мерзімі: 16.03.2022 бастап 24.03.2022 дейін** қоса алғанда. *Ұйымдастырушының шешімі бойынша акция мерзімінен бұрын ұзартылуы немесе аяқталуы мүмкін.*
5. Ұйымдастырушы акцияға қатысатын **Тауарлардың тізімін** өз бетінше айқындайды.
6. Адал сатып алушы сауда жасау кезінде тіркелген «ТехноБонус» бонустық картасын пайдаланады. **Сатып алушыға келесі бонустар есептеледі:**
  - 6.1. 30 күн әрекет ету мерзімімен сауда сомасының 20% мөлшерінде жоғары бонус.
  7. Бонусты белсендіру сауда жасаған сәттен бастап 15-ші күні жүзеге асырылады.
8. **Сатып алушыларға жоғары бонус есептеу шарттары:**
  - 8.1. Жоғары бонусты алуға болады:
    - 8.1.1. Акцияның әрекет ету кезеңінде ғана жасалған сауда үшін;
    - 8.1.2. сауда жасау кезінде тіркелген бонустық картасы бар Адал сатып алушыларға ғана беріледі.
    - 8.1.3. сауда сомасының **20% мөлшеріндегі** бонус сауда жасау кезінде №1-кестеде көрсетілген тауарлардан басқа барлық тауарға есептеледі:

**№1-кесте**

|    | <b>Тауарлар тізімі:</b>   |
|----|---|
| 1. | «Apple», «Xiaomi», «Poco», «Redmi», «Bork», «Dyson» сауда маркасының барлық тауары                    |
| 2. | «Ойын консольдері», «Бейнекарталар», «Ойын ноутбуктері», «Samsung S22 барлық үлгілері» санаты бойынша |

- 8.2. **Жоғары бонус есептелмейді:**
  - 8.2.1. Заңды тұлғаларға;
  - 8.2.2. Көтерме сатып алушыларға;
  - 8.2.3. Категориялық менеджерден /дүкен /бөлім директорынан жеңілдік берілген Тауарға;
  - 8.2.4. Басқа акцияларға қатысатын Тауарға;
  - 8.2.5. **Cashback 20%** акциясы «5% жеңілдік» акциясымен қиылыспайды;
  - 8.2.6. Чекте бір санаттағы 3 (үш) және одан көп Тауар көрсетілген жағдайда;
  - 8.2.7. Егер бір Клиент Акцияның әрекет ету кезеңінде 3 және одан да көп рет сауда жасаған жағдайда, 3 (үшінші) және одан кейінгі сауда көтерме сауда болып есептеледі. Техникалық іркілістер кезінде 3 (үшінші) және одан кейінгі сауда бойынша есептелген бонус жойылады.
- 8.3. Клиенттің мәртебесіне және төлем түріне қарамастан, Сатып алушыға осы Шарттардың 8.2-тармағын қоспағанда жоғары бонус беріледі.
- 8.4. Тауарды қайтарған кезде есептелген бонус жойылады.
9. **Сатып алушылардың жоғары бонусты пайдалану шарттары:**
  - 9.1. Жоғары бонус сауда жасаған сәттен 15-ші күннен бастап және 30 күн мерзімге қабылданады.
  - 9.2. Төлем жасау кезінде Купонды немесе бонусты пайдалануға болады. Бонусты да, Купондарды да бір мезгілде пайдалануға жол берілмейді.
  - 9.3. Ақауы бар немесе белгілі бір зақымдары бар тауарларға (категориялық тауарларға) ақы төлеу кезінде Жоғары бонус қабылданады.

- 9.4. Сыйлық картасымен немесе «Technodom» сертификатымен ішінара төлем жасау кезінде жоғары бонус қабылданады.
- 9.5. Кредитке немесе бөліп төлеуге ішінара ақы төлеген кезде Жоғары бонус қабылданбайды.
- 9.6. Бонус таратылмайды:
- 9.6.1. TECHNOSERVICE, TECHNOSERVICE PLUS сертификаттарын, қосымша кепілдік сертификаттарын сатып алуға.
- 9.6.2. сыйлық сертификаттары мен сыйлық карталарын сатып алуға.
- 9.6.3. басқа акциялар бойынша тауарларға (промо-бағалар).
- 10. Жоғары бонусты пайдалана отырып төленген тауарды қайтару шарттары:**
- 10.1. Жоғары бонусты пайдалана отырып сатып алынған сапасыз тауарларға кепілдік берілген қызмет көрсету, айырбастау және қайтару Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жалпы тәртіпте жүзеге асырылады.
- 10.2. Сатып алушы қолданыстағы заңнамада көзделген негіздер бойынша Жоғары бонусты пайдалана отырып сатып алынған Тауардың құнын қайтаруды талап еткен жағдайда, Сатып алушыға оның төлеген сомасы ғана қайтарылады.
11. Акция ұйымдастырушысы оны өткізу Шарттарын толық немесе ішінара өзгерту құқығын өзіне қалдырады. Тиісті өзгерістер туралы ақпарат сайтта жарияланады.
12. Өзгертулер мен қате жазулар болуы мүмкін.